

## 2011 жылдың 2 тоқсанына арналған кедейлік шегін анықтау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 29 наурыздағы № 109-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 29 наурызда № 6849 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 235-ө Бұйрығымен

**Ескерту: Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011.06.28 № 235-ө (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді және 2011 жылдың 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады) Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі № 537 қаулысымен бекітілген Кедейлік шегін анықтау ережесінің 4-тармағын орындау  
ү ш і н

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қазақстан Республикасы бойынша 2011 жылдың 2 тоқсанына арналған кедейлік шегі Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі өткен тоқсанға есептеген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 проценті мөлшерінде анықталсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің "2011 жылдың 1 тоқсанына арналған кедейлік шегін анықтау туралы" 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 435-ө бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 6715 тіркелген және "Егемен Қазақстан" 2011 жылғы 7 қаңтардағы № 3-4; "Казахстанская правда" от 06.01.2011 г., № 2 газеттерінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Әлеуметтік көмек департаменті (К.А. Манабаева) осы бұйрықты:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді және ресми жариялауды;  
2) облыстық, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жеткізуді қамтамасыз е т с і н .

4) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ә.Б. Нүсіповаға жүктелсін.

5) Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді және 2011 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Министр*

*Г. Әбдіқалықова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК